

Келісемін:

№35 «Шұғыла» бебекжайынын
әдіскері Калдышева Н.З

Бекітемін:

№35«Шұғыла» бебекжайының
меншерушісі м.а. Жаденова Ж.Ж



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-
2024 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары**

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
«Нұр» ересек тобы**

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Шакиров Т.Қ

2023-2024 оку жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 дене шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----------|---------------------------|--|
| Кыркүйек | Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұгу.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;</p> <p>Музыкалық-ыргактық жаттығулар.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дene жаттығуларын орындау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>1) кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 дене шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|---------------------------|--|
| Казан | Дене шынықтыру | <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдал, жан-жаққа қосалқы қадаммен (онға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-тендікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқаның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.</p> <p>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 деңе шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|
|-----|---------------------------|---|

| | |
|----------------------|--|
| <p>Караша</p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар: Жұғіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдал жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындағанда отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні аудиостырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> |
|----------------------|--|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 дене шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| | | |
|-------------------|--------------------------------------|--|
| <p>Айы</p> | <p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p> |
|-------------------|--------------------------------------|--|

| | |
|------------------|---|
| Желтоқсан | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қымылдар: Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p> |
|------------------|---|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 деңе шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| | | |
|------------|--------------------------------------|--|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|------------|--------------------------------------|--|

| | |
|---------------|--|
| Кантар | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сзықтан аттап (сзықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктікten секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p>Спорттық жаттығулар</p> <p>Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</p> <p>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сүйқ тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p> |
|---------------|--|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 дене шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| | | |
|-----|------------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|------------------------------|---|

| | |
|----------------------|---|
| <p>Ақпана</p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша тұзелу; онға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстau және жақын тұру. Спорттық жаттығулар Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.</p> |
|----------------------|---|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 деңе шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| | | |
|-------------------|---|---|
| <p>Айы</p> | <p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p> |
|-------------------|---|---|

| | |
|--------|---|
| Наурыз | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға еңкею, шалқаю. Тұрган қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және түру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшени, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұту және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшени айналдыру.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қымылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қымылды ойындарға қатысуға тарту.</p> |
|--------|---|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 -2023 дене шынықтырудан ересек тобына арналған
ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| | | |
|-----|---------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|

| | |
|--------------|--|
| Cөзір | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, тәмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылыш жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар</p> <p>Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқаның ұстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Екі, үш дөңгелекті велосипед тебеді, онға, солға бұрылады;</p> <p>таныс ойындарды ұйымдастырудан бастамашылдық, дербестік танытады;</p> |
|--------------|--|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
 негізінде 2022 -2023 дене шынықтырудан ересек тобына арналған
 ұйымдастырылған
 іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

| | | |
|-----|--------------------------------------|--|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|--------------------------------------|--|

| | |
|-------|--|
| Мамыр | <p>Дене шынықтыру</p> <p>Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Онға, солға бұрылу.</p> <p>Таныс ойындарды үйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылды күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлыш, женіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.</p> <p>Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> |
|-------|--|



Бұл қызметтағы бет немерлеу
тіркеуді.

Бебекшай менгерушісінің м.а.
Жадиснова Ж.Ж Жаде